

**Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 612 "2021-2023 жылдарға арналған Айшуақ ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 15 қыркүйектегі № 93 шешімі

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының "2021-2023 жылдарға арналған Айшуақ ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 612 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7895 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2021-2023 жылдарға арналған Айшуақ ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 39821,0 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 2366,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 150,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 37305,0 мың теңге;

2) шығындар – 42862,0 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -3040,7 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 3040,7 мың теңге;

қарыздар түсімдері – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 3040,7 мың теңге.";

5 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 605 "2021-2023 жылдарға арналған Шалқар аудандық бюджетін бекіту туралы" шешіміне сәйкес аудандық бюджеттен 2021 жылға арналған Айшуақ ауылдық округ бюджетіне мынадай ағымдағы нысаналы трансферттер бөлінгені ескерілсін:

ағымдағы шығындарға-4842,0 мың теңге;

елді мекендерді көркейтуге- 4431,0 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу Айшуақ ауылдық округі әкімінің шешімі негізінде айқындалады.";

мынадай мазмұндағы 5-1 тармағымен толықтырылсын:

"5-1. Ауылдық округтің 2021 жылға арналған бюджетіне облыстық бюджеттен жергілікті атқарушы органның мемлекеттік қызметшілеріне еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізуге 11532,0 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферт түскені ескерілсін.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық мәслихат  
хатшысының міндетін атқарушы

С. Жоламанов

Шалқар аудандық мәслихатының 2021 жылғы  
15 қыркүйектегі № 95 шешіміне қосымша  
Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы  
29 желтоқсандағы № 612 шешіміне 1 қосымша

## 2021 жылға арналған Айшуақ ауылдық округ бюджеті

Санаты			Сомасы
Сыныбы			, мың теңге
Ішкі сыныбы			
Атауы			
		I. Кірістер	39821,0
1		Салықтық түсімдер	2366,0
	04	Меншікке салынатын салықтар	2366,0
		1 Мүлікке салынатын салықтар	66,0
		3 Жер салығы	50,0
		4 Көлік құралдарына салынатын салық	2250,0
2		Салықтық емес түсімдер	150,0
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	150,0
		5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	150,0
4		Трансферттердің түсімдері	37305,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	37305,0
		3 Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	37305,0
II. Шығындар			42862,0
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	33711,7
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	33711,7
		124 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	33711,7
		001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	33711,7
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	9150,0

3		Елді-мекендерді көркейту	9150,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	9150,0
		008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2481,0
		009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	440,0
		011 Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	6229,0
15		Трансферттер	0,3
	1	Трансферттер	0,3
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,3
		048 Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,3
		III. Бюджет тапшылығы (профициті)	-3040,7
		IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	3040,7
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	3040,7
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	3040,7
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	3040,7

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК